## "Ақмола облысының мектепке дейінгі білім ұйымдарында 2011 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін және ата-аналар төлемінің ең жоғарғы мөлшерін белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімінің 2011 жылғы 4 сәуірдегі № 5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 30 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 22 желтоқсанда № 3413 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы әкімі аппаратының 2013 жылғы 11 маусымдағы № 1.5-13/8492 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы әкімі аппаратының 11.06.2013 № 1.5-13/8492 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 қаулысына сәйкес облыс әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «Ақмола облысының мектепке дейінгі білім ұйымдарында 2011 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін және ата-аналар төлемінің ең жоғарғы мөлшерін белгілеу туралы» Ақмола облысы әкімінің 2011 жылғы 4 сәуірдегі № 5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3390 болып тіркелген, 2011 жылғы 17 мамырдағы «Арқа ажары» және «Акмолинская правда» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

қосымшадағы, Ақмола облысының мектепке дейінгі ұйымдарында 2011 жылға арналған бір балаға есептелінген мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызметтерді алатын балалар үшін ата-аналар төлемінің ең жоғарғы мөлшерінде:

4, 5 бағандарда «8879,7» сандары «13002,8» сандарына ауыстырылсын, «4439,8» сандары «6501,4» сандарына ауыстырылсын, «15891» сандары «23175,6» сандарына ауыстырылсын, «10825» сандары «18109,6» сандарына ауыстырылсын, «9159,7» сандары «13282,8» сандарына ауыстырылсын, «10200,7» сандары «14323,8» сандарына ауыстырылсын, «17300» сандары «24584,6»

сандарына ауыстырылсын;

«Бурабай ауданы» бөліміндегі «жеке меншік балабақшалар» бөлімшесі реттік нөмірлі 11, 14 жолдары келесі редакцияда жазылсын:

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | «ОВПП Мерей» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 260 | 18109,6 | 18109,6 | 0 | 10400 |
| 14 | «Никсима плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 60 | 18109,6 | 18109,6 | 0 | 10000 |

«Зеренді ауданы» бөліміндегі «мемлекеттік балабақшалар» бөлімшесі реттік нөмірлі 7, 8 жолдары келесі редакцияда жазылсын:

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Ақмола облысы Зеренді ауданының білім беру бөлімінің жанындағы "Айналайын" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 50 | 27768,6 | 18109,6 | 9659 | 5254 |
| 8 | Зеренді ауданының білім бөлімінің "Қуаныш" балабақшасы" мемлекеттік мекемесі | 40 | 24175,6 | 18109,6 | 6066 | 5254 |

«Көкшетау қаласы» бөліміндегі «жеке меншік балабақшалар» бөлімшесі реттік нөмірлі 4, 5, 7 жолдары келесі редакцияда жазылсын:

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | «Балапан» білім беру ұйымы» жеке мекемесі | 125 | 18109,6 | 18109,6 | 0 | 15175 |
| 5 | «Little-People» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 100 | 18109,6 | 18109,6 | 0 | 15175 |
| 7 | «Центр развития ребенка «Мир знаний» жеке мекемесі | 35 | 18109,6 | 18109,6 | 0 | 15175 |

2. Ақмола облысы әкімінің осы шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Қ.Қайнарбековке жүктелсін.

3. Осы шешім 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

4. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімінің міндетін атқарушы Д.Әділбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК